



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

6 сәуір
сейсенбі
№27 (1729)
2021 ЖЫЛ

САРАПТАМА

Ауыл шаруашылығы саласын әртарапандыру мәселесі көптен бері айтылып келеді. Дегенмен бұл іске білек сыбана кірісетін кез енді келгендей. Себебі тек бір ғана күріш егумен еңбекші елдің несібесі артып, ел қамбасының тоқ болмайтыны айқын сезіле бастады. Ақ күріші брендке айналған сырбойылық диқандар үшін ауыл шаруашылығын әртарапандыру қалай жүргізілмек? Күріштің жайын бес саусағындай білетін диқанға өзге дақылдың бабын табу оңайға түсе ме?

ДИҚАН НЕ ЕГЕДІ?

Көктем келсе, кетпенін сайлап егін егуге кірісетін диқан қауымының көңілі алаң. Су тапшылығы мәселесі жайбарақаттықты көтермейді. Қамсыз егін егіп, сужетпей жатса, еңбектің еш кеткені емес пе? Сырбойылық диқанның жайын ойлап, Үкіметке сауал жолдаған сенаторлар Мұрат Бақтиярұлы, Ақмарал Әлназарова, Нұрғөре Жүсіптің депутаттық сауалында бұл мәселенің, дария бойында қоныстанған елдің жайы анық көрсетілген. «Қызылорда облысының жер қорында 230 мың га суармалы, оның ішінде инженерлік жүйеге келтірілген 180 мың га жер бар. Суармалы жерлер жыл сайын кепілді өнім беретін, қайтарымы жоғары ауыл шаруашылығының алтын қоры ғана емес, ол сол өңірлерде тұратын халықтың өмір-тіршілігі, әлеуметтік жағдайы, тағдыры. Осы суармалы жерлер тек каналдарды толтыру арқылы ғана егістікті суландырады. 15 мың шақырымнан астам каналдар шаруашылық ішілік суармалы және қашыртқы жерлері гидротехникалық жүйелер күйреудің алдында тұр. Осының барлығы судың барынша тиімсіз жұмсалыуына, яғни жыл сайын 2 млрд текше метр су босқа ысырап болатындығын көрсетеді. Қызылорда облысындағы суармалы жерлердің елгеі жалпы үлесі 16 процентті құралса, республикадағы су ағымының 43 процентін тұтынады. Оның ішінде күріш егісінің көлемі 90 мың гектарға жетті. 1 га күріш алқабына 33 мың текше метр су жұмсалыу керек, 90 мың гектарға 3 млрд текше метр су қажет» деп судың жайын көрсеткен депутаттар Үкіметке Сыр өңіріндегі ауыл шаруашылығының жайы қалай болатынын айтып, алаңдаушылық білдіріпті. «Алдағы болжамдар су тапшылығы күрделене түсетіндігін көрсетеді. Бұл – Қызылорда облысы үшін үлкен қауіп. Мәселені қалай шешу керек? Орасан зор су қажет ететін күріш алқабын қысқарту қажет пе, әлде Сыр өңірінің ауыл шаруашылығын тез арада әртарапандыру үшін тиімді тетігін жасау керек пе? Үкіметтің нақты ұстанымы қандай?» деп жазады.

4 БЕТТЕ



ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТ

Соғыс ардагерінің інісі, Қызылорда қаласы мен Арал ауданының құрметті азаматы И.Оңғарбаев барлық ақ пейілді ағайынға, көше атауын беруге сен болған қала басшылығына, ономастикалық комиссияға алғыс білдіріп, көше тұрғындарына құттық болсын айтып. Өз кезегінде шара қонақтары мен тұрғындар ашылу салтанатының қызыл желегін киіп, ағаш отырғызды.

1917 жылы қазіргі Арал ауданы Ақбасты ауылында дүниеге келген С.Оңғарбаевтың 1937-1938 жылдары Кеңес армиясы қатарында әскери борышын өтеп жүрген кезінде Фин соғысына, кейін Ұлы Отан соғысына аттанып, реактивті артиллерия атқышы ретінде майданға кірген. Халық «Катюша» деп атап кеткен соғыс техникасын меңгерген.

Сақып Оңғарбаевтың майдандағы ерен ерлігі елесті, II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары кеудесіне тағылған.

Ол соғыстан кейінгі өмірін атақасіппен байланыстырып, балық қабылдау пунктінде бастығы болып қызмет еткен. Ал 1988 жылы соғыс ардагері ең бірінші тұрғындардың бірі болып, қалада сол кезде жаңа ашылған Панфилов тұйығына шаңырағының қазығын қаққан.

Міне, осындай қиындықтарды барлығын бастан өткізіп, тыныштық орнату үшін тынбай еңбек еткен майдангерге құрмет көрсетіліп, көше атауы берілді.

«Ақмешіт-ақпарат»

МӘТ ТАҢБАЛЫ МӘРТ ТҰЛҒА

Әрбір адам – өзінің бір өрнекті әлем, дербес тылым, жұмбақ дүние – қайталанбас дара бітім. Бір үйде он бала туып-өссе, олардың әрбірінің өздеріне ғана тән он түрлі мінез-сипат болады. Ұлы Абайдың «Жүрегінің түбіне терең бойла, мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген терең философиялық астары бар жыр жолдарының бір қиысы бізге осыны мензейді.

Адамды ау басында жақсының қатарына қосатын адал еңбек болса, оны байыпты да беделді тұлға етіп шығаратын – мінез. Ал мінезге бай кісілердің жолдары әрдайым жарқын. Мінез – адам баласының бағын ашатын, бақытқа қолын жеткізетін, құрметке бөлейтін, сыйға кенелтетін алтын кілт.

Ұлт көсемі Әліхан Бөкейханов «Ұлттың жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» екенін атап өткен.

Бүгінде біз сөз еткілі отырған Нұрлыбек Нәлібаев мінезге бай басшылардың санатына жатады. Байлығына, оның бұлай болмаса еш әдісі де жоқ еді. Барынша байсалды әкесі Машбек пен бір әулеттің ұйытқысы бола білген анасы Бибітің титтейнен өнегелі тәрбиесін көріп, анасы Бердібек Машбекұлын үлгі тұтып өскен кенже ұлдың ұшқанда ұясынан іліп алған тәлімі көп болды.

Жоғары оқу орындарында оқып, экономика және менеджмент, заңгер мамандықтарын алып,

еңбек жолын мұнай шаруашылығы саласынан бастап, жастайынан бірнеше мекеменің тізгінін ұстап көрді.

Біз Нұрлыбек Машбекұлымен 2005 жылы Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары қызметіне келген кезінен бері етене араласа бастадық. Бұл кезде менің өзім де қала әкімінің орынбасары қызметінде жүрген кезім. Бұған дейін қалалық жастар ісі, спорт және туризм басқармасының бастығы, қала әкімдігі ішкі саясат әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі, облыс әкімдігі ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі болып үлгерген менің мекеметтік қызмет тарапынан жинақталған біршама тәжірибемнің бары анық-тың. Соны келген кезінен пайымдап калған Нұрбек маған бір табан жақын жүрді. Сол кездері екеуміздің жұмыс барысында да, қол бос шақтарда да ұшырасып, сырласып қалатын мұрагеріміз жиі кездесуші еді. Соның бәрінде ол өзінің бұдан арғы қызметіне титімдей ілкі ізгілігі тиетін нәрсе байқаса, қағып алуға тырысып жүретін. Бұған қоса, өзі білмейтін жайттар болып жатса, солардың жайын бұге-шүгесіне дейін сұрап тұрудан арланбайтын. Мұның екеуі де оның ізденіштігі мен іргелі істерге деген бейімділігін аңғарта берсе керек.

2 БЕТТЕ



Н.НӘЛІБАЕВ: «ҚЫЗЫЛОРДАНЫ ЕРЕКШЕ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН»

Откен аптада қалалық мәслихаттың мәжіліс залында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен актив отырысы өтті. Келелі жиынға мемлекет және қоғам қайраткерлері, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары мен дербес бөлім басшылары, ауылдық округ әкімдері, мекеме басшылары қатысты.

Активте 8 жылдан астам уақыт Қызылорда қаласының әкімі қызметін атқарып, 1 сәуірден бастап Премьер-Министрдің өкімімен

жаңа лауазымға тағайындалған Нұрлыбек Нәлібаевқа құрмет көрсетілді, сәттілік тіледі.

Басқосуда Гүлшара Наушақызы шаһар басшысының сегіз жылда атқарған ауқымды жұмысына тоқталып, Қызылорда қаласының әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық дамуы жолындағы жемісті жұмысын ерекше атап өтті.

2 БЕТТЕ

МЕРЕЙ



СЫРДАН ҰШҚАН ҚАРЛЫҒАШ

Ойламаған, мүлдем күтпеген қонырау болған соң ба, алғашында абырап қалғаным рас. Олай болуы заңдылық та еді. Сыртынан ғана жақсы білетін танымал ақынның өзі хабарласып, сен туралы жылы пікір білдіріп жатса, саспағанда қайтесің?!

Ақын Қатира апамен жүзбе-жүз танысудың сәті облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің 90 жылдық мерейтойына арналған кеште түсті. Кеш басталар тұста «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Дәуржан аға Елубаев мені Қатира Сыздыққызының іздеп жатқанын жеткізді. Ақын апа көрген сәтте құшақ жая қарсы алып, бетімен сүйіп, батасын беріп, арқамнан қақты. Әдебиет жөнінде аз-кем әңгімелесіп те үлгердік.

Осылай күндер сырғып өтіп жатқан. Алланың қалауымен Қазақстанның баспасөз, радио және интернет-журналистика саласындағы «Үркер» Ұлттық сыйлығының иегері атанып, елордадан Қызылордаға келіп әріптестерімнің қызу құттықтауына бөленіп жатқан кезім еді. Қонырау-латып жатқан қалта телефоныма қарасам, Қатира апам екен. Бұл жолы да ақын апа жетістігіммен құттықтап, ақ тілегін жаудырып жатыр. Мен де қуанып қалдым.

Дәл сол күннің ертеңінде қолында үлкен бір шөк гүлі бар Қатира апам кабинетке кіріп келе жатыр. Жанында танымал ақын, журналист Ғазиза Әбілда апайым бар. Міне, тосын сый! Гүлді қолыма ұстата салып: «Журналистика саласындағы ең үлкен

сыйлықтың облыстар арасынан алғаш болып Сыр өліне келгені естігенде үйде отыра алмадым. Ал соны алып келген сен біздің мақтаншымызсың, балам!» деп шапшауын шашып жатыр.

Осы сәтте менің төбем көкке бір елі жетпей қалды. Алғашқылардың бірі болып телефонмен құттықтағаны аздай, ақын апа арнайылап кабинетіме келіп тұр! Шашуы қандай! Бәрінен бұрын аппақ көңілін айтып отырды! Бұған балаша маз болып, жүрегім жарылардай қуанбағанда қайтейін? Сол күнгі қуанышым еселене түсіп, ақын апамен риясыз әңгімелесуге, емен-жарқын сырласуға, жақынырақ танысуға мүмкіндік алдым.

Есімі Сыр өңірі ақын қыздарының көші басында тұрған қазақтың аулы қызы Қатира Жәленова дегенде ең алдымен оның нәзік те сыршыл өлеңдері еске түседі.

– Жарық дүние,
Сырдына қанып келем,
Бірге жасап
Өзімнен,
Халықпенен.
Дәл өзіңдей
Жап-жарық
Жырларыммен
Адамдардың бәріне
Жарық берем! – деп жырлаған ақынның көркем сөзбен кестеленген өлеңдері сан алуан тақырыпты қамтиды. Қазақ поэзиясына «Кел, махаббат» атты жыр жинағымен еніп, өмірін

өлеңмен өрген, қуанышы мен мұңын, жүректенгі нәзік сезімнің жыр жолдарына сыйғыза білген қаламгердің шығармалары белгілі бір дәуірді не жас талғамайды. Оның «Аңсаған менің әнімің», «Ақ гүлдер» атты жыр жинақтарын қолға алсаңыз, сұлу Сырды сырлы сөзбен суреттеген саф, мөлдір, кіршіксіз таза сезімді аңғарасыз. Кезінде ақынның бір топ өлеңдері Ресейдің «Разбег», «Мадонны Турана» антологияларына еніп, орыс тілді оқырманның да сүйікті ақынына айналды. Талай жыр мүшәйраларында топ жарған қаламгер 1979 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық жас ақын-жазушылардың кенесіне қатысып, өзінің өтті өлеңдерімен көрішеле елдерді тәнтгі етіп, есімі Одаққа танылды. Сөз қадірін өз қадіріндей ұғынған сырбойылық Қатира Сыздыққызы аударма саласында да жемісті еңбек етіп, тәжік ақыны Гүлчехра Сүлейменованың «Қырық бұрым» өлеңдер жинағын қазақ тіліне сәтті тәржімалады.

Айнақшы, ән сүйер қауымға жақсы таныс «Жылайды жапырақ» әнінің сөзін ақын Қатира Жәленова жазғанын көпшілік біле бермейді. Оқырмандарын поэзияның сырлы әлеміне жетелеп, өлеңдерімен жүректенгі жылы шуақ құйған ақынның сөзіне жазылған осы әнін қазақ эстрадасына енді қадам басқан әнші Әйгерім Қалаубаеваның бағын ашқаны рас. Әсем әуенмен керемет үйлесім тапқан ақын өлеңі ұзақ жылдар бойы сахна төрінен түспей шырақын келе жатқандығы музыкамен қоса поэзия құдіреттілігін аңғарта берсе керек.

Жыр алыбы Әбділда Тәжібаевтың қолдауымен қазақ әдебиетіне қадам басқан ақын қыздың жастық әрі жалынды шағы Алматы қаласында, әдебиет алыптарының ортасында өтті. Қазақ Ұлттық университетінің қабырғасында Рымғали Нұрғалиев, Тұрсынбек Көкішев, Мәлік Ғабдуллин, Зейнолла Қабдолов сынды ұлы ұстаздардан тәлім алды. «Қазақстан» телерадио корпорациясының радиосында ширек ғасырға жуық еңбек етіп, әдеби ортада өзінің соқпағын қалыптастырып, «Сырдан ұшқан қарлығаш» болып танылды.

Бүгінде сырбойылықтар «Шилелінің шынары» деп ерекше құрмет тұтатын ақын осы ауданның Ақма ауылында дүниеге келді. «Қызылқайың» ауылында алғаш мектеп табалдырығын аттап, еңбекке ерте араласты.

Ақынның әкесі Сыздық Жәленұлы өнерден құралақан емес, керісінше, жас кезінен-ақ топ жарып айтысқа түскен, ән салып, сал-серілік кешкен жан болған. Үш қызының арасынан Қатирасын өзіне ерекше жақын тартып, қасынан қалдырмай ертіп жүреді екен.

– Әкем бес уақыт намазын оқып болған соң, қалған бес уақытын пеш түбінде отырып кітап оқумен өткізетін. Оқығанда да құдай берген әдемі, әуезді үнімен ерекше бір мақамға салып дауыстап оқиды. «Батырлар жыры», «Рүстем-Дастан» сияқты қисса-дастандарды мен осылай ең алғаш әкемнің аузынан естіп өстім. Оның үстіне, қырғауыл атауа шыққанда мені өзімнен бірге атқа отырғызып ала кетіп, жол бойы небір аңыз-әңгімелерге құлағымын құрышын қандыратын, – деп еске алады бүгінде ақын апа.

4 БЕТТЕ

Н.НӘЛІБАЕВ: «ҚЫЗЫЛОРДАНЫ ЕРЕКШЕ ЖАҚСЫ КӨРЕМІН»

– Нұрлыбек Машбекұлы 2013 жылдың ақпан айынан бастап осы кезге дейін Елбасының, Мемлекет басшының, Үкімет және аймақ басшыларының қолдауымен Қызылорда қаласы әкімі қызметінде абыройлы еңбек етті. Қаланың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына үлесін қосты. Соңғы 8 жылда 194 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Жол құрылысын дамытуға 30 млрд теңгеге жуық қаржы тартылып, 840 шақырымды құрайтын 1177 көше жөнделді. 8 мектеп, 21 балабақша, 3 мәдениет үйі, 131 спорттық ойын алаңы салынды. 1,5 млрд теңгеге жуық қаржыға 31 әлеуметтік нысанға күрделі, ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізіліп, қайта жаңғыртудан өткізілді, – деп Гүлшара Әбдіқалықова сөзгілігі тіледі.

Содан соң өңір басшысы Нұрлыбек Машбекұлының алдағы уақытта жаңа қызметінде қолға алар ел мүддесі жолындағы әрбір бастамасына Сыр халқы қашанда тілекші екендігін жеткізіп, беделді биіктерді бағындыруын тіледі. Жұмыс барысында қалалық мәслихаттың хатшысы Ибадулла Құттықожаев Нұрлыбек Машбекұлының «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағын табыстап, қала депутаттары атынан алғыс білдірді.

Сонымен қатар актив отырысында мемлекет және қоғам қайраткерлері де өз лебіздерін білдірді.

Тұрғанбай Маханов, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, медицина саласының ардагері: – Азаматтың басында болатын абыройы, атак, бақ пен береке, сол еңбегінің нәтижесі деп білемін. Нұрлыбек ініміздің жолы жарқын болды деп айта аламын. Қай жерде жұмыс істесе де абыройлы еңбек етті. Оны халық жақсы біледі. Себебі сегіз жылдың өзінде Қызылорданың рені өзгеріп кетті.

Басы 1-бетте

Мен осы қалада 77 жыл бойы тұрып келемін. Әрбір атқарылған іс көз алдымда. Дәрігер ретінде маған зәулім үйлердің қажеті шамалы. Маған қаланың тазалығы қажет. Міне, тазалық жөнінен Қызылорда республика бойынша алдыңғы қатарда екені рас. Өйткені басқа қалаға барып көріп жүріміз.

Нұрлыбек інім – шоқтығы биік азамат. Адамгершіліктің ошағын жағып жүрді. Керек жерінде азаматтық мінез танытып жүрді. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. Жапон халқының мәтелі бар: «Қолыңнан келгенін істеп, қалғанын тағдырдың еншісіне қалдыр» деген. Қолыңнан келгенін істедің. Жасаған іс жой тірілік емес, облысқа, қалаға терен із қалдырды. Енді қалғанын өзіңнен келетін адам жалғастырады деп сенеміз.

Алдыңызда талай асу, белес бар. Сол белесті бағындырады деген сеніміміз зор. Қырлардан кідірмей өт, төбелерден сүрінбей өт, таулардан қинамай өт, алдың жазық болсын, адамгершілігің, абыройың, азаматтығың ғұмырыңда азық болсын демекпіз, – деген ағалық ақ тілегін жеткізді.

Шанһада Әбдіқаримов, облыстық мәслихат депутаты, ақын:

– Ақын мен әкім деген кім? Бірі – сананы, бірі – қаланы билейді. Осы жылдар бедерінде Нұрлыбек бауырымын етене араласып қана қоймай қаланың сәулеті мен дәулетінің қалай дамығанын куәсі болып келеміз. Қала деген ол рухтың аурасы. Біле білсек, бұл жерде рухтың үлкен шаңырағы тұр. Ал сол руханы дүниені көгерту, көктету әкімге байланысты. Бірақ ол біздің Нұрлыбек Машбекұлының қолынан келді.

Қалада көркейту-қоғаландыру жұмысымен бірге жолдың жөнделуі, түнгі жарығы, шаһар тазалығы секілді ауқымды істер Қызылорданың шырайын аша түсеуде. Халық оң бағасын берді. Енді міне,

елордаға кетіп барасыз. Әрқашан биіктен көреміз және Сыр елінде күтеміз, – деген лебізін білдірді.

Айтбай Көшербаев, мемлекет және қоғам қайраткері:

– Нұрлыбек інім қала басшылығына келген кезде үлкен әрі жақсы жаңалықтарға еніп жатыр. Қызылорда қазір көп өзгерген. Бәрі жаңаша. Шаһар көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Тұрғын үйлер берілді. Қала қаржысы артты. Халықтың қырағы көзінің алдында оларға қызмет етуде өзінің ісін жауапты, мазмұнды деңгейде атқара білді. Енді алдағы жолының тек ашық, сәтті болуын тілейміз. Сырдың жігітісің, енді Арқаға ауыстың. Өмір жолында Қазақстанның батысы мен шығысына да абыройлы еңбек ететін ортақ азамат бол, – деген ізгі тілегін айтты.

Өз кезегінде аймақ басшысының жоғары бағасын алып, әріптестес, аға қызметестерінің құрметіне бөленген Нұрлыбек Нәлібаев та ризашылығын білдірді.

– Иә, 2013 жылдың 13 ақпанынан бастап, яғни 8 жылдан астам уақыт Қызылорда қаласының әкімі қызметін атқардым. 2005-2007 жылдары қала әкімінің бірінші орынбасары болдым. Сонда 10 жылдан астам уақытымыз осы шаһардың отымен кіріп, күлімен шығуға жұмсалды деген сөз.

Елбасы мен Мемлекет басшысының сындарлы саясатына сүйеніп, Үкімет пен аймақ басшысының қолдауының арқасында азды-көпті атқарған ісіміз де бар. «Адамдық борышың – халқына қызмет кыл» деп Шәкәрім қажы айтпақшы ең басты мақсатымыз елге қызмет ету деп білдік.

P.S. Расында да, қаланы тазартып, гүлдендірген, көркейткен, дамытқан, жаңа қала салуға үлесін қосқан Нұрлыбек Машбекұлы Қызылорданы қимады. Ал қала тұрғындары оның жақсы, іскер әкім болғанын айтып жүр...

Ақтолық НУРЛЫБАЙ

Қызылордаға әкім болып, қала тізгінін қолға ұстағалы бері атқарған жұмысымызды жұртшылық жақсы біледі деп ойлаймын. Басқасын айтпағанның өзінде 2013-2020 жылдар аралығында 676,6 мың шаршы метрді құрайтын 194 көпқабатты тұрғын үй салынып, 9164 пәтер пайдалануға берілген. Бұл осыныша отбасы баспаналы болды деген сөз. Бас жоспарға сәйкес қала көлемі ұлғайтылды. 2016 жылы «Бәйтерек» мөлтек ауданынан бір мезетте 6000 адамға үй салу үшін жер телімі берілгені көпшілік қуанышпен қабылдады. 8 жылдың ішінде қала аумағынан бірнеше шағын аудандар мен тұрғын аймақтар бой көтерді.

Елордаға қарап бой түзген Қызылорда қаласында Сырдарияның сол жағалауында игеру жұмысы қолға алынды. Бүгінде дарияның арғы беті кәдімгідей шағын қала іспетті. Менің есімде ерекше сақталатын сәтті бірі ретінде Қызылорданың 200 жылдығын атап өтуге болады. Сүйікті қаламыздың жыл көлемінде аталып өткен 200 жылдығы елордамыздың 20 жылдығымен тұспа-тұс келді. Мерейтойдағы мерейлі сәттер менің жадымда мәңгі жаңғырып тұратын болады.

Осыншама ауқымды тірлікті жалғыз өзім істедім деуден аулақпын. Қазақта «сауақ бірікпей іне ілікпейді» деген сөз бар. Бірге қызмет атқарған әріптестерім, тіпті тұрғындарға дейін жұдырықтай жұмыла білді. Қызылорданың келешегіне бей-жай қарамайтын әрбір азаматтың пікірімен санастық. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» деп жатады. Біз айтылған әрбір сыннан, пікірден, кеңестен нәтиже шығару үшін жұмыс жасадық. Әрине, бәрін керемет қылып тастадық деуден аулақпыз.

Сыр елінің, жыр елінің жүрегі, орталығы болып отырған Қызылорданың мен үшін орыс қашан да ерек болып қала берді. Қайда жүрсе тек, қандай қызметте болсақ та туған жер үшін еңбек етуді жалғастырамыз. Мен Сыр жұртын, оның ішінде Қызылорданы ерекше қатты жақсы көремін. Бұл қала – менің жүрегімде мәңгі сақталатын, бақталайыма бұйырған қасиетті шаһар, – деп қорытындылады сөзін Нұрлыбек Нәлібаев.

ТАЗАЛЫҚ САҚШЫЛАРЫНА КӨРСЕТІЛГЕН ҚҰРМЕТ



Жаңа қызметке ауысқан Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда тазалығы» мекемесінің қызметкерлерімен де кездесті. Шаһардың мұнтаздай таза қалыпта тұруына күн-түн демей атсалысып, тер төккен тазалықшылардың еңбегі орасан зор. Кездесу барысында Н.Нәлібаев оларға алғыс білдіріп, ризашылығын жеткізді.

– Ортақ үйіміз, сүйікті қаламыз Қызылорданың еліміздегі ең таза шаһардың біріне айналуы жолында сіздердің еңбектеріңіз ерекше, үлестеріңіз зор. Бүгінгідей беделді белесті бағындырып, абырой биігінен көрінуіме де сіздер үлес қостыңыздар. Барлығы үшін алғыс айту мақсатында арнайы ат басын бұрып, алдарыңызға келдім – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Иә, қала әкімі қызметіне тағайындалған сәттен Нұрлыбек Машбекұлы баса көңіл бөлген мәселесі қала тазалығы болатын. Сол бағытта жоспарлы жұмыс істеп, «Қызылорда тазалығы» мекемесін соған жауапты ұжым қылды. Қыстағы ауа райының қолайсыздығына, жаздағы аптап ыстыққа қарамастан ұжым қызметкерлері адал еңбек етті. Нұрлыбек Машбекұлы өз кезегінде олардың маңдай тер, адал еңбегінен көпшілік үлгі алуы керектігін де атап өтті.

Мекеменің жұмысын жандандырып, тірлігін түзеуге, ондағы түйткілді мәселені шешуге күш салып, қызметкерлердің жағдайын жақсартуға жасаған игі істерін мекеме ұжымы да еске алып, Нұрлыбек Нәлібаевқа жаңа қызметте сәттілік тіледі.

«Ақмешіт-ақпарат»

МӘТ ТАҢБАЛЫ МӘРТ ТҰЛҒА

Жасыратыны жоқ, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейінгі 8 жылы өндіріске арнаған Нұрлыбек Машбекұлы үшін бастапқы кездері мемлекеттік қызметке бой үйретудің қиындау болғаны да рас. Ол уақытта қаланың жағдайы да күрделі еді. Жылу, су, жарық, тазалық т.б. қатысты күнде бір түйткілді мәселелер туындап жатады, қала тұрғындарының шағымдар түседі. Осы тұстары кейіпкеріміздің үлкенді – үлкенді, кішіні кішідей сыйлай білетін кішіпейіл, көркем мінездің иесі екені де анық аңғарылды. Осы мінезге тән табандылық пен алғырлықтың арқасында көп ұзамай өзі үшін тың табан болып саналатын мемлекеттік қызмет саласының ұңғылы мен шұңғылын тез меңгеруге көшті. Сол күндері Нұрлыбек Машбекұлының қалауымен есімдері елге белгілі Гафур Мұхамеджанов, Ыдырыс Қалиев, Шайхислам Серікбаев, Сейілбек Шаухаманов сынды ақсақалдардың үйіріне барып, олардың берген баталарын алып қайтқанымыз есімде. Ел ағаларының ықыласпен берген баталарының әсері ме, қайдам, бұдан кейін ол шынымен өзін іскер маман ретінде көрсете біліп, қызмет сатысымен біртіндеп өсе бастады. Әуелі өзіне де, өзгеге де таудай талап қоя білетін зор білімнің иесі, мемлекетшіл тұлға, қайраткер Мұхтар Құл-Мұхамедтің аймақ басшысы кезінде, 2007 жылы облыс әкімі аппаратын басқарды. Ал тура бір жылдан кейін Шиели ауданына әкім болып кетті. Нүрекеннің дербес басы тұрғысында бекіп, қалыптасатын келелі кезеңі осы ауданда өрнек сызды. Осында өткен бес жылда ол өзін де жан-жақты сынақтан өткізді, ауданды да айтарлықтай дамудың жаңа жарқын жолына салды. Сол жылдары келбеті адам танымастай болып күрт өзгерген Шиелиннің аты облыста дүрілдеп шығып тұрды. Осының арқасында Нұрлыбек аудан халқының да ерекше құрмет-қошеметіне бөленді. Ал шиелиліктер оның есімін әлі күнге дейін үлкен құрметпен атайды.

Осы кезеңде мен Қызылорда қалалық мәслихатының хатшысы қызметіндемін. Бірде Қазақстан Парламенті Мәжілісіне өз облысымыздан сайланған депутат Құттықожа Ыдырысов ағамыз екеуіміз жұмыс сапарымен Шиели ауданына ат басын тіреп, барып қалдық. Барған бойда байқағанымыз, кент айтарлықтай жанарып кетіпті. Бұл уақта шын қарбалас тірліктердің ыңғайымен әкімнің қолы босамай жатыр екен, сондықтан біздің жанымызға аудандық мәслихаттың хатшысы Сұлтанбек Оразымбетов ағамызды қосып, одан аудан орталығында салынып жатқан бірқатар ғимаратты көрсетуді сұрады. Біз сол айтылған жаңа нысандарды аралау барысында расында мұнда елдің ертеңіне қызмет ететін қарқынды жұмыстардың жүріп жатқанына көз жеткіздік.

Сөз арасында біз өз жолбасшымыздан әкімнің аудандағы қызметі жайын да сұрап қонымыз.

– Айтатыны жоқ, өте мықты азамат. Ол мұнда келген күнінен жас болғаныммен, шын мәнінде бас бола алатын толымды тұлға екенін көрсетіп келеді, – деген еді сонда Сұлтанбек. – Көптің көңілін де таба біледі, жұмыстың ығытын да жақсы біледі. Тек бүгінгі ғана емес, ертеңі де емін-еркін көре алатын байырқалы басшы. Біз, мысалы, сонау көкжиекке дейінгі жерлерді ғана көріп, тек солардың төңірегінде пікір айтсақ, Нұрлыбек Машбекұлының сол көкжиектің арғы жағындағы нәрселер жөнінде де байыпты болжам білдіретін көрегендігі бар.

Міне, басшы үшін бұдан артық қандай баға керек! Нүрекеннің шынында тап сондай әкім екеніне ол 2013 жылдың ақпан айында қаланы басқару тізгінін ұстаған кезде біз де кеңінен көз жеткіздік. Ең біріншіден ол – нендей нәрсені де жеті рет өлшен барып, бір рет кесетін кемел ойдың кісісі. Өз басым оның қандай да бір шапшақты шаруаны асығыс-үсігіс істеп, қалайда тез шеше салмақ, жылдам бітіре қоймақ

Басы 1-бетте



болған әнтек әрекеттерін ешқашан көрген емеспін. Екіншіден, осындай төзімділігі мен ыждағаттылығы сыңайында өзіне қадір таңдауда көп қателескен жок. Бұған кезінде ол қызметке қабылдап, өзінің мәртебелі мектеп сүзгісінен өткізген мамандардың көпшілігінің осы күндері облыстық бірқатар мекемелер мен аудандарды басқарып отырғаны толық дәлел. Ол таңдаған тұлғалардың тобында кейін сенімді ақтай алмағандары өте сирек. Бұлай болатын тағы бір себебі, Нүрекен өзі қойған басшылардың жұмыстарын ұдайы қырағы көздің қалағалауында ұстай бергеннен гөрі олардың барлық жауапкершілікті мойындарына алып, өз еріктеріне қызмет жасауларына көбірек көңіл бөледі. Қала әкімі олардан көбіне тындырылған істің соңғы нәтижесін ғана сұрайды. Осының негізінде олардың әрбірі дербес басшы, ойлы маман, жеке тұлға болып жедел қалыптаса бастайды.

Нәлібаев Нұрлыбек Машбекұлы 2013-2021 жылдар аралығында Қызылорда қаласының әкімі қызметін абыроймен атқарып, облыс орталығының әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беру жолында табанды еңбек еткен мемлекеттік қызметші.

Нұрлыбек Машбекұлы «Құрмет» ордені мемлекеттік наградасының иегері, қала басшысы ретінде жоғары ұйымдастыру қабілетімен аймақ жұртшылығына танылған.

Халықтың мұң-мұқтажын дер кезінде сезініп, күнделікті сұранысы мен қажеттіліктеріне сай жұмыс жасап, қаладағы өзекті мәселелердің шешілуіне қол жеткізу барысында табандылық, іскерлік қабілеттерімен, тәжірибесін орынды қолдана алатын, халықтың тығыз қарым-қатынас орната білген, елдің сеніміне ие болған азамат.

Қала әкімінің бірнеше нәтижелі жұмысын атап өтетін болсақ, Нұрлыбек Машбекұлы қаланы басқару барысында Қызылорда қаласында тұрғын үй құрылысы ерекше қарқын алып, халықты баспанаман қамту көрсеткіші еселене түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың азаматтардың мүддесін қорғау жолында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру тұжырымдамасына сәйкес, қала әкімінің онлайн форматтағы жеке қабылдаулары, қала әкімдігіне қарасты барлық құрылымдардың әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы халықтың сауал-пікірлеріне шұғыл жауап беріліп, халықпен кері байланыс жасау жүйелі жолға қойылды.

Қаламызда тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жаңа демалыс және сабақ орындары, спорттық ойын алаңдарының саны артып, жол, инфрақұрылым саласы жақсара түсті. Ел игілігі үшін үлкен еңбекпен келген барлық жобалардың сапалы жүзеге асырылуына қатаң талап қойып, қоғамдық бақылау орнатуға ықпал етті.

Әлемді шарпыған коронавирус пандемиясына қарсы шұғыл шаралар қабылдап, күрделі де қиын кезеңде тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында қала әкімдігі тарапынан жоғары ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізілді. Қала әкімінің бастамашылығымен, қауіпті індеттің бірінші толқыны кезінде қаламыздың елжанды кәсіпкер азаматтардың бірігуіне себепші болып, қала әкімдігі жанынан құрылған ведомстволық жедел штаб қалада індеттің таралуына жол бермеу үшін күні-түні рейдтік, ақпараттық, ұйымдастырушылық шараларды жүргізді.

Осы жылдарда қала көшелері қатты дөңгелек түсті. Облыс орталығында бұрын болмаған аяқ жолдар, яғни тротуарлар қатарға қосылды. Көшелердің табандары едәуір реттелді. Қаланың көп жылдардан бері қозғаусыз жатқан коммуникациялық жүйесі түгелдей жаңартылды. Қызылорда тұрғын үй салу жөнінен республикада ең

алдыңғы қатардан ойып орын алды. Жылдар бойы жұрттың ығырын шығарып келген жарық, жылу, су жүйелерінің жұмыстары толығымен қылаусыз қызмет ететін қауқарлы қалыпқа келтірілді. Бұдан қалды, орталыққа қарайтын ауылдық округтер аймағындағы барша елді мекендердің басты көшелерінің бәріне асфальт төсетіп, бәрін ауыз су мен газ мәселелерін қалтқысыз шешіп берді. Мұны халық алдында беріп жүрген жыл сайынғы есептері де айғақтайды. Есеп демекші, Нүрекен елі кез, қандай жағдайда да қала және оған қарасты ауыл тұрғындарымен кездесіп тұрудан ешқашан жалтарған емес. Ол әрбір аптаның жұма күні түрлі арыз-шағыммен келетін тұрғындарды дәстүрлі қабылдаудан бөлек, қоныстар мен көшелерді аралап, жұртшылықпен жүздесіп жүруді өзінің тәжірибесіне берік енгізіп кетіп еді.

Бойындағы лидерлік қасиеттерінің арқасында қаладағы құрылысшыларды, кәсіпкерлерді жұмылдыра отырып, сол жағалаудағы алғашқы құрылыс нысандарын олардың өз қаражат есебінен басталуына да ұйытқы бола білді. Соның арқасында кезінде басталуы қиын болған Сырдарияның сол жағалауы бүгінде қарқынды игерілуде.

Осы ретте Нұрлыбек Машбекұлының республика көлеміндегі зор беделінің қала түйткілдеріне қатысты көптеген проблемалық мәселелердің тегінің жоғарыдан шешіп келуге мүмкіндік беріп тұрғанын да айта кетпекше болмайды. Ал мұндай беделді ол бірнеше жылдың ішінде өз саласында өнімді жұмыс істеп, Қызылорданы сырт жұрттың өзі қызығатын ұядай етіп қою арқылы жинағаны тағы айдай ақиқат.

Қала бюджеті өткен жыл басында 69 млрд теңге болып бекітілсе, өзгерістер мен толықтырулар арқасында жыл соңында 94 млрд теңгеге жетті. Бұл, әлбетте, өте жақсы жетістік еді. Жыл ішінде қалада өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 480 млрд теңгеге толып, негізгі капиталға салынған инвестиция мөлшері 105 пайызға орындалды. Облысқа салынған инвестицияның 52 пайызы Қызылорданың үлесіне тиді. Ауыл шаруашылығында өнім ауқымы 9 млрд 700 млн теңгені құрады. Облыстағы нақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің 48 пайызы қаланың аумағынан шықты. «Бизнестің жол картасы» бойынша 6 млрд 500 млн теңгенің 161 жобасы қаржыландырылып, 30 тұрғын 57 млн теңгеге мемлекеттік қайтарымсыз грант алды. «Индустриялық-инновациялық дамыту» 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жалпы құны 67 млрд 600 млн болатын 8 жоба жүзеге асырылды. Сол сияқты «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша құны 968 млн теңгені құрайтын 13 жоба қаржыландырылды. Жай желе жортып айтып шыққанның өзінде, қазіргі пандемия жағдайында соңғы бір жыл ішінде қалада осыншалықты қыруар іске құлаш ұрылғанын байқауға болады.

Тегінде, рухы мен дәті мықты адамдар бірінші кездескен кісілеріне бірден сыр алдыра бермейді. Мен Нүрекеннің сондай жан екенін онымен алғаш етене таныса бастаған кезден байқадым. Ол өзінің Сұлтанмахмұт Торайғыров айтатын «Жақсылық көрсем – өзімнен, жамандық көрсем – өзімнен» дейтін принципті ұстанатынын сонау ерте кездерден танытты. Сол сияқты мен Нүрекен жақсы көретін өсетті өлеңдер арасында хакім Абайдың:

«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді, ішіне қулық сақтап.

Өзің сен, өзінді алып шығар.

Ақылың мен қайратың екі жақтап», – деген жыр шумағы бар екенін білгенде, оншалықты көп танырқай қойған жоқпын.

Менің тағы бір байқағаным, Нұрлыбек Машбекұлы үшін қандай жағдайда да адам болып қалу өмірлік маңызды бар мақсатты мәселе екен. Оның мәт таңбалы мәрт тұлға екені осыдан да айқын көрінеді.

Ибадулла ҚҰТТЫҚОЖАЕВ,
қалалық мәслихат хатшысы

ДЕНСАУЛЫҚ

Денсаулық – зор байлық. Адамның дені сау болса өмірдің бар жақсылығына жете алады. Ал өмірдің бақыты саналатын балалардың дені сау болуы – аса маңызды. Аймақта осы мақсатта қызмет ететін – облыстық көпбейінді балалар ауруханасы.

Бұл денсаулық сақтау мекемесінде 350 стационарлық төсек орны бар. Сонымен қоса бір ауысымда 300 бала қабылдайтын кеңес беру диагностикалық емхана жұмыс істейді. Негізін мекеме «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы аясында 2016 жылғы қарашада қолданысқа берілген. Өткен жылғы есеп бойынша 0-18 жас аралығында 286 033 бала тіркелген. Мекемеде барлығы 94 дәрігер қызмет етеді. Мекеменің дәрігермен қамтылу көрсеткіші 86 процентті құрайды. 2018-2020 жылдары мұнда 30 дәрігер қабылданған. Ауруханада көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту мақсатында жыл сайын 160 қызметкер өз біліктілігін арттырып отырады.



БАЛА САУЛЫҒЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН МЕКЕМЕ

Аурухана әкімшілігі берген мәліметке сүйенсек, бұл мекеме медициналық құрал-жабдықпен 92 процент қамтамасыз етілген. Оның ішінде фиброколоноскоп, авторефрактометр, уретроскоп, ӨЖЖ секілді маңызды құралдар бар. Өткен жылы аталған мекеме аймақтағы 9947 баланы қабылдаған. 2017 жылы бейімдендірілген «Неонатальды хирургия» бөлімшесі іске қосылып, туа біткен ақаулардан болатын сәби өлімін 4 есе төмендету мүмкіндігін көбейткен. Одан бөлек, балаларды динамикалық бақылауға арналған «катамнез» кабинеті қызмет етеді. Мұнда 1931 бала тексеріліп, 839 баладан туа біткен ақау анықталған. Олардың барлығы мамандар қарауында болып, уақытылы стационарлы ем қабылдайды және диспансерлік бақылауда болады. Жалпы есеп бойынша ауруханада 53 357 бала емделіп шыққан.

– Медицина саласы әрдайым білімді жетілдіру, тәжірибе алмасуды талап ететіндіктен мекемеде мамандардың біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Ауруханада 2017 жылы осы мақсатта «Балалық шақ

ауруларын ықпалдастыра емдеу» оқу орталығы ашылып, бүгінде 2945 медицина қызметкері дипломнан кейінгі үздіксіз білімін жетілдірген. Оның ішінде Өзбекстан, Қырғызстан мен Абхазиядан келген дәрігерлер 2 апта бойы тәжірибелерімен бөліскен. Одан бөлек, тәжірибе алмасу мақсатында Украина, Ұлыбритания, Германия, Жапониядан арнайы мамандар келіп тұрады. Ал мекеме дәрігерлері Қазақстанның түрлі қалаларында арнайы оқу-тәжірибеден өтіп отырады. Биыл да 50 дәрігер мен 73 мейірбикенің кәсіби біліктілігін жоғарылату жоспарланып отыр, – дейді балалар ауруханасының бас дәрігері Рая Көшекбаева.

Аурухананың материалдық базасы жыл сайын толықтырып келеді. Оларды жаңартып тұру жұмыстарын жыл сайын жүргізу жоспарға енгізілген. Мәселен, биыл республикалық бюджет есебінен эксперт классты УЗИ аппараты мен лапароскопиялық стенд алу жоспарланған.

Көпбейінді балалар ауруханасында 2018 жылдан бастап «тұз шахтасы» қолданысқа беріліп, онда 570 бала



ем қабылдаған. Сонымен қатар инклюзивті оқыту мен ЛФК залында 11705 балаға оңалту бойынша ем-дом жасалған.

2018 жылы телемедицина жұмысы қолданысқа енгізіліп, барлығы 351 телемедицина жұмысы жасалған.

Ауруханада нефрологиялық аурулар бойынша диспансерлік есепте «гломеруло-нефрит» диагнозымен 121 бала есепте тұрады. Ал созылмалы бүйрек ауруының III деңгейі бойынша 48 бала «Д» есепке алынған. Аймақта жалпы саны 31 эндокринолог болса, оның 10-ы балалар эндокринологы. Көпбейінді ауруханада 2 эндокринолог

дәрігер қызмет етеді. Бұл мақсатта «Қант диабеті» мектебі жұмыс істеп, онда 169 ата-ана оқытудан өткен.

Мекемеде онко-гематология бойынша балаларға эндолитомбалды химиотерапия енгізілген. Сондай-ақ гемофилия ауруларында VII-IX факторларын, ингибиторлы формаларды анықтау енгізілген. Балалар хирургиясын жетілдіру және емді нақтылау үшін ауруханада бактерологиялық зертхана қызмет етеді. Пульмонологиялық науқастардың күрделенуіне байланысты вибромассаж аппараты алынып, бүгінде емдік мақсатта қолданысқа енген. Ота жасау аясы да кеңейтіліп, денсаулық сақтау мекемесінде бірнеше жаңа ота түрі жасалған. Оның ішінде алғаш рет нәрестеге гастрошизис отасы, ішек өткізбеушілігі кезінде лапароскопиялық адгезиолизис, бүйрек кисталарын лапароскопиялық жолмен емдеу оталары жасалған.

Балалар ауруханасының алға қойған жоспары да аз емес. Бас дәрігердің айтуынша, жоспарда эпидемиологиялық анестезияға, реабилитологияға мамандар дайындау бар. Хирургиялық күрделі ота жасау санын көбейтіп, реанимация мен анестезиология бөлімшелерін ӨЖЖ аппаратымен қамтамасыз ету, алдағы 3 жылға қажетті құралдарды жабдықтау мен облыс көлемінде балалар гепатологиян дайындау аурухананың жоспарына енгізілген. Сонымен қатар, Елбасы қолдауымен балалар ауруханасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылмақ.

Қысқасы, мекеме сапалы қызмет көрсету мен қызметтік әлеуетін арттыру мақсатында жыл сайын даму мен өзгерістер енгізіп отыр. Басты мақсат – аймақтағы сәбилердің денсаулығын жақсарту, түрлі деңгейдегі аурудың алдын алу. Бұл жұмыстар өз нәтижесін беріп, мекеме жақсы көрсеткішке жетеріне сенім мол. Бастысы, балалардың ауырмай шаттанып жүргені керек. Ал балалар ауруханасындағы мамандар ол үшін аянбай қызмет етуге дайын.

А.НҰРАЗҒАЛИ



Аурухананың материалдық базасы жыл сайын толықтырылып келеді. Оларды жаңартып тұру жұмыстарын жыл сайын жүргізу жоспарға енгізілген. Мәселен, биыл республикалық бюджет есебінен эксперт классты УЗИ аппараты мен лапароскопиялық стенд алу жоспарланған.

ЕЛ МАҚТАҒАН ДӘРІГЕР

Тәуелсіз еліміздің қол жеткізген жетістіктерінің барлығында да бір қолымен бесік, екінші қолымен әлем тербеткен әйелдер қауымының қолтаңбасы бар. Сондай жандардың бірі – ақ халатты абзал жан ширек ғасырға жуық өмірін денсаулық саласына арнаған Құндызбайқызы Ләззат Құндызбайқызы.



Ол 1971 жылы 22 желтоқсанда Арал ауданы Мойнақ ауылында қарапайым отбасында дүниеге келеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін», – дейді халық даналығы. Жас кезінен анасы Зада бойына адамгершілік нәрін сіңіріп, жақсылыққа баулиды. 1988 жылы «Комсомол» қыстағындағы №144 мектепті алтын белгімен бітірген. Ол ақ халат киіп, дәрігер болуды армандады. 1990 жылы Ақтөбе мемлекеттік медицина университетінің даярлық тобына түсіп, 1991 жылы «Емдеу ісі» факультетінің I курсына қабылданады.

Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы №6 емханада аумақтық дәрігер болып бастайды.

2015 жылдан бері «Күндізгі емдеу» бөлімінде терапевт – дәрігер, бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарса, 2020 жылдан бастап дәрігер – реабилитолог қызметін қоса атқарып келеді. Адамзат баласы сатып ала алмайтын, бағалай алмайтын екі құндылық – уақыт және денсаулық. Шын мәнінде бас ауырып, балтыр сыздаса, ең алдымен, Алладан медет тілеп, онан соң дәрігер көмегіне жүгінетініміз шындық.

Ләззат Құндызбайқызы уақытпен санаспай, бөліміндегі медикелерді де тәрбиелеген әр емделуші туралы қандай ем-домды қашан, қалай жасау керектігін түсіндіруі бойындағы жақсы қасиет, өз ісіне жауапкершілікпен қарап, сезінуі. Үнемі ізденіс үстінде, жаналықтарды, дәрі – дәрмек, заманауи қондырғылар туралы ой бөлісіп отыратынын байқайсың. Мамандық таңдауда Ләззат қателеспеген сияқты.

Білікті дәрігер отбасында адал жар, мейірімді ана. Тұңғышы Фирюза – аудармашы, Сандуғашы – М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжінің «Хореография» мамандығы бойынша 3 курс студенті.

Дәрігердің ширек ғасыр еңбегі ескерусіз қалған жоқ. «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төс белгісімен (2019ж), Қызылорда облыстық денсаулық басқармасының, №6 емхана бас дәрігерінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Бүгінде әлемді жайлаған індет қиындығына қарамай тікесінен-тік тұрып халыққа қызмет етіп жүрген ақ халатты абзал жан уақытпен санаспай еңбек етуде.

Құлсара МАХАТОВА

МАМАН КЕҢЕСІ

Иә, халқымыз «ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деп тауып айтқан. Қазіргідей індет көбейген тұста, оған қоса «жуанның жіңішкеріп, жінішкенің үзілер» шағында денсаулыққа баса мән бермесе болмайды. Әсіресе, қытымыр қыстың әлгеінен аман-есен шыққан тұрғындарға иммунитетін әлсіретіп алмау аса қажет. Осы орайда ағзаның сарқылмас күш-қуатының негізі саналатын иммунитетті көтеру жолдарын ұсынғалы отырмыз.



Денсаулықтың бірден-бір кепілі – тазалық сақтау. Жеке бас тазалығынан бастап, айнала қоршаған ортаның таза болуы – жан саулығының кілті. Сондықтан үйдің шаң-тозаңын сүртіп, болмені желдетіп, таза жер, таза ауада тыныстауды әдетке айналдырған жөн.

Ағзаны әлсіретпеуде күнделікті тұтынатын тағамның маңызы зор. Адамның ас-ауақты құнарлы болса денсаулығы да мықты болмақ. Сол себепті дұрыс тамақтануға мән беру керектігін мамандар жиі ескертеді. Әсіресе, иммунитетті түсіріп алмау үшін күнделікті ас мәзірінде А, В, С, Д дәруменінің, көкөніс, жеміс-жидек, ет, сорпа, ақуызы мол тағамның болғаны жақсы. Дәрумендерге бай тағамды тұтыну – әрбір отбасының ас мәдениетіне енуі керек-ақ.

Мамандар ұзақ өмір сүрудің, мықты денсаулықтың кепілі ретінде – салауатты өмір салтын ұстануды айтады. Ол үшін спортты серік етіп, жүгіру, жүзмен айналысып, тыныс алу жаттығуларын үздіксіз жасау қажет. Спортпен айналысқан сайын денсаулықты нығайтатындығы ұмытпаңыз. Қалыпты ұйқы да саулық негізі екенін ескеріңіз. Ұйқыға жатар алдында 2-3 сағат телефон ұстамай, миды тынықтырған абзал. Бұл бір жағынан күйзелістің алдын алып, күні бойы сергек жүруге сеп болмақ. «Ақмешіт-ақпарат»



ВИРУС БЕЛЕҢ АЛЫП ТҰР

Сонғы аптада елімізде коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны күрт өсіп, таралу көрсеткіші артауда. Күні бүгінге дейін бірнеше облыс қызыл аймақ санатына енгізіліп, карантин талаптары күшейтілді. Алайда жасыл аймақ қатарындағы өңірімізде де вирус жұқтырған науқастар саны көбейеде.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі берген мәлімет бойынша осы кезге дейін облыста коронавирус індетімен ауырған науқас саны – 4159 адам. Олардың басым көпшілігі, яғни, 2608-і қала тұрғындары. Ал аудан бойынша Жанакорғанда – 401, Шиеліде – 338, Сырдарияда – 229, Қармақшыда – 178, Арал – 141, Қазалыда – 130 науқас тіркелген.

Төртінші сәуірде 18 адамнан вирус анықталды. Оның 11-і қаладан, 2-еуі Қазалы және Сырдария ауданынан болса, Жалағаш, Шиелі, Жанакорғаннан 1 адам тіркелген. Вирустың таралу аумағы да кеңейген. Мәселен, осы 18 науқастың жетеуі індеттің жаңа ошағы болып табылады, қалған 11-і қарым-қатынас арқылы жұқтырыпты. Мамандардың мәліметіне сүйенсек,

науқастармен 16 884 тұрғын байланыс жасаса, тікелей қарым-қатынаста – 14 136, ықтимал қарым-қатынаста – 2 748 адам болған. Қазір вирус жұқтырғандар инфекциялық стационарға, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасына, аудандық ауруханаларға орналастырылған. Инфекциялық стационардың реанимация бөлімінде 11 науқас ем қабылдауда. Сондай-ақ 15 адам үй жағдайында бақылауда екен.

Індеттің зардабы әлі ұмытыла қойған жоқ. Біршама уақыттан бері аймақтағы ахуал тұрақталып, тұрғындар қалыпты өмірге бой үйірете бастаған еді. Десе де қазіргі жағдай тіпті басқаша. Күннен күнге вируспен ауырғандар саны өсіп, көпшіліктің көңілін күлті етіп отыр. Иә, сәуір айының алғашқы күні өңірде 15 адам індет жұқтырса, бұл көрсеткіш одан кейінгі күндері екі есе артқан. Дегенмен індетпен күресте вирусқа қарсы тұрғандар да бар. Соңғы мәлімет бойынша 2 науқас коронавирус инфекциясынан жазылып шыққан. Ал жалпы тәуір болған науқас саны төрт мыңға жуықтайды.

А.СЕЙІЛ

СУ ТАПШЫЛЫҒЫ СЕЗІЛЕДІ

Был Сырлария өзеніндегі судың өткен жылдарға қарағанда аз болатындығын Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының басшысы Сейілбек Нұрмбетов те облыс әкімдігінде өткен мәжілісте атап айтты.

Казіргі уақытта қалыптасқан су шаруашылығы жағдайы туралы айтатын болсам, Сырдария өзені бассейніндегі үлкен су қоймаларында 13,7 млрд текше метр су болса, өткен жылмен салыстырғанда 3,1 млрд кем су бар. Бүгінгі күні Шардара су қоймасында 4792 млн, Көксай су реттегішінде 1404 млн текше метр су жиналды. Жиналған су көлемі Шардара су қоймасында өткен жылмен салыстырғанда 351 млн текше метрге аз. Көкбұлақ су бекетіне секундына орташа 581 текше метр су түседі. Өзбекстан мен Қырғызстан республикаларының гидромет қызметтері 2020 жылдың 1 қазаны мен 2021 жылдың 1 наурызы аралығында түскен жауын-шашын мөлшері өткен жылмен салыстырғанда орташа 15-20 процентке төмендігі болады, – дейді ол.

Бүгінде сирьобильдық дикандар көптегі егін дайындығына кірісіп те кетті. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметі бойынша биыл өңірде 188,2 мың гектарға егу жоспарланған. Оның ішінде дәнді дақылдар 96,6 мың, майлы дақылдар 6,7 мың, мал азықтық дақылдар 66,4 мың, картоп, көкөніс, бақша 18,5 мың гектарды құрайды. Негізгі дақыл күрші көлемі 84,4 мың гектарға жоспарланыпты.

Қалық ауылшаруашылығы бөлімінің басшысы Дәулетбек Әбдірасулов суды аз қажет ететін дақылдарды егу көлемін арттыру бағытында жұмыс жасалып жатқанын айтты.

– Су тапшылығына байланысты ауыл шаруашылық дақылдары ротациясын сақтай отырып, суды аз қажет ететін және су үнемдеу әдістерін қолдана отырып картоп, көкөніс, бақша дақылдарының көлемін арттыруға бағытталған жұмыстар атқарылууда. Өткен жылы 878 гектар жерге бақша дақылдары егілген болса, биыл 987 гектар жерге бақша дақылдары орналастыру жоспарлануда. Ал көкөніс дақылдары өткен жылы 1088 гектар жерге егілген болса, биыл жалпы аумағы 1296 гектар жерге орналастыру жоспарлануда, – дейді.

ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

Эртарпапандыруға тезірек бейімделу үшін кәсіпкерлерге қолдау қажет. Келешекте су жетіспеушілігіне байланысты күрші алқаптарын ұлғайту мүмкін еместігін түсінген кәсіпкерлер бүгінде эртарпапандыруға бейімделе бастады. Бірі мал шаруашылығын қолға алса, енді бірі алма бағы, екініші бақша дақылдарын егуге тәуекел ете бастады. Дегенмен оларға қолдау қажет. Бұл орайда облыстық кәсіпкерлер палатасының бөлім басшысы Жасұлан Серіков олардың мәселесі тиісті орындарға ұсыныс ретінде қолданып айтты.

– Қандай қолдау бар дегенге келсек, ауылшаруашылығы бағытына жаңа техника сатып алса, мемлекет 25 проценти қайтарып береді. Осы жеңілдікті

ДИҚАН НЕ ЕГЕДІ?



кәсіпкерлер қолдануға болады. Мұнан бөлек жақында облыстық Кәсіпкерлер палатасы атынан құзырлы орындарға ұсыныс берді. Онда эртарпапандыру мақсатында сатып алынған техника қаржысының 50 проценти мемлекет субсидиялап берсе деген ұсынысымызды жеткіздік. Бұл қаншалықты қолдау табатыны әзірге белгісіз. Шынында да мәселе бар. Мәселен, бүгінгі күнге дейін күрші егін келген кәсіпкер енді басқа дақыл егетін десе, оның техникасының бәрі күршіке бейімделген. Жаңа техника алу қажет. Ал техника қаржысын субсидиялау болса, эртарпапандыру жұмысын ала жылжытуға мүмкіндік болар еді, – дейді бөлім басшысы.

Орайы келгенде бөлім басшысы күрші өндірушілердің көкейтесті мәселесін де атап айтты.

Күрші өңдеумен айналысатын кәсіпкерлер корпоративтік табыс салығын азайту мәселесін үнемі көтеріп келеді. Бұл мәселені ашып айтар болсақ, күрші егетін жерлері бар шаруашылықтар корпоративтік табыс салығын 10 процент, әрі қарайты өзге де жеңілдіктерімен 3 процент төлейді екен де, ал өз жерлері жоқ, өңделмеген күрші серіктестерінің сатып алып, өңдейтін кәсіпкерлердің бюджетке беретін корпоративтік табыс салығы 20 процентті құрайды. Айырмашылық 6-7 есе. Күрші өңдеушілер үшін салық төлеміне жеңілдік жасалса деген ұсынысымызды құзырлы орындарға қолдайды. Ал күрші егушілер үшін негізгі проблема – су тапшылығы. Күршілеріне су тапшылығы мәселесін айтуға, Әрине, бұл облыс көлемінде шешімін табатын мәселе емес.

ҚАНДАЙ ДАҚЫЛ ЕГУГЕ БОЛАДЫ?

Облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыздықов ауылшаруашылығы саласының өкілдері үшін өзге де дақылдардың пайдасы мен шығынын атап көрсетіп, «Ы.Жақаев атындағы қазақ күрші шаруашылығы» ғылыми-зерттеу институтының нормативтеріне сүйеніп, пайдалы ақпарат жариялады.

Облыстағы шаруашылық құрылымдары 1 гектар күрші өсіріп, жинауға орташа есеппен 350-400 мың теңге аралығында шығын жұмсайды. 1 гектардан орташа 55 центнерден өнім жинап, күрші салысының бір келісін 80-100 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы әр келден 100 теңгені, гектарынан 550 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі 28 процент шамасында. Жыл сайын тауарлық-материалдық құндылықтар мен жанар-жағармайлық қымбаттауынан өнімнің өзіндік құны өсіп, рентабельділігі төмендеуде.

Соя 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 132,3 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 25 центнерден өнім жинап, жиналған соя дәнінің килограммын сапасына қарай орташа 150 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 90 теңгені, гектарына 375 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 183,4 процент.

Соя (тамшылатып суару). 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 417,3 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 45 центнерден өнім жинап, жиналған соя дәнінің килограммын сапасына қарай орташа 150 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 150 теңгені, гектарына 258 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 62 процент.

Дәндік жүгері 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 196,6 мың теңге жұмсалды. Осыдан орташа гектарынан 40 центнерден өнім жинап, жиналған жүгері дәнінің килограммын 90 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 90 теңгені, гектарына 360 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 83,1 процент.

Сүрлемдік жүгері 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 182,5 мың теңге жұмсалды. Осыдан орташа гектарынан 300 центнерден өнім жинап, жиналған жүгері дәнінің килограммын 15 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 15 теңгені, гектарына 450 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 146,5 процент.

Дәндік жүгері (тамшылатып суару). 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 1,0 млн теңге жұмсалды. Осыдан орташа

гектарынан 120 центнерден өнім жинап, жиналған жүгері дәнінің килограммын 90 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 90 теңгені, гектарына 540 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 100 процент.

Мақсары 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 81 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 12 центнерден өнім жинап, жиналған мақсары дәнінің килограммын сапасына қарай орташа 120 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 120 теңгені, гектарына 144 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 77,3 процент.

Рапс – 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 93,8 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 130 центнерден өнім жинап, жиналған рапс өнімінің килограммын сапасына қарай орташа 11 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 3,8 теңгені, гектарына 93,6 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 99,7 пайыз.

Жаздық арпа 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 89,4 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 15 центнерден өнім жинап, жиналған өнімінің килограммын сапасына қарай орташа 75 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 15,3 теңгені, гектарына 112,5 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 25,8 процент.

Жаздық бидай 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 135 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 15 центнерден өнім жинап, жиналған өнімінің килограммын сапасына қарай орташа 90 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 90 теңгені, гектарына 135 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 53,4 процент.

Дақылдар, көкөністер: Картоп (тамшылатып суару). 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 1 млн теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 250 центнерден өнім жинап, жиналған картоптың килограммын сапасына қарай орташа 100 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 100 теңгені, гектарына 2 млн теңгені құрайды. Рентабельділігі – 100 процент. (картоптың есептемесі облыста егін жүрген шаруашылықтардың орташа есебінен алынды).

Қызанақ 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 1 млн теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 250 центнерден өнім жинап, жиналған қызанақтың килограммын сапасына қарай орташа 55 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 55 теңгені, гектарына 430,5 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 37 процент.

Қызанақ (тамшылатып суару). 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 1,5 млн теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 500 центнерден өнім жинап, жиналған қызанақтың килограммын сапасына қарай орташа 55 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 55 теңгені, гектарына 1,6

млн теңгені құрайды. Рентабельділігі – 77 процент.

Қияр 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 807 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 150 центнерден өнім жинап, жиналған қиярдың килограммын сапасына қарай орташа 100 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 46 теңгені, гектарына 693 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 86 процент.

Қияр (тамшылатып суару). 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 1,4 млн теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 250 центнерден өнім жинап, жиналған қиярдың килограммын сапасына қарай орташа 100 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 46 теңгені, гектарына 1,2 млн теңгені құрайды. Рентабельділігі – 85 процент.

Қарбыз 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 386,2 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 200 центнерден өнім жинап, жиналған қарбыз өнімінің килограммын сапасына қарай орташа 40 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 20,6 теңгені, гектарына 800 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 107,0 процент.

Қарбыз (тамшылатып суару). 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 657,6 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 500 центнерден өнім жинап, жиналған қарбыз өнімінің килограммын сапасына қарай орташа 40 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 40 теңгені, гектарына 2,0 млн теңгені құрайды. Рентабельділігі – 204,0 процент.

Бақша 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 255,6 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 185 центнерден өнім жинап, жиналған бақша өнімінің килограммын сапасына қарай орташа 30 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 16,2 теңгені, гектарына 299,7 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 117,2 процент.

Қант қызылшасы 1 гектарға өсіріп, жинауға орташа есеппен 273,9 мың теңге жұмсайды. Осыдан орташа гектарынан 200 центнерден өнім жинап, жиналған қант қызылшасының килограммын сапасына қарай орташа 70 теңгеден сатқанда шаруашылықтың таза пайдасы шамамен әр килограмнан 56,3 теңгені, гектарына 1126,1 мың теңгені құрайды. Рентабельділігі – 410,9 процент.

ЖЕРДІ АЛДАУҒА БОЛМАЙДЫ

Ауылшаруашылығы саласын эртарпапандыру су үнемдеуден бөлек, топырақтың құнарлылығын сақтау үшін қажет. Дәл қазір бүгінді ойлағанмен, Жер-ананың қандай-жылға тозып бара жатқанын ұмытауымыз керек. Еңбек еткенді несібісіз қалдырмайтын жерден қашпаны ала береміз? Ғалыммен әңгімелескенде осындай ой түйдік.

П.С. Көктемнің екінші айы басталғанын диканға қолайлы ауа-райы болмай тұр. Көктемгі шаруаға әзірлік жасаған кезде шығынды да, пайдасын да ойлайтын жерімізге әлі де ойлану керек. Ғалым мен өндіріс біріге қимылдаса шаруаның да, жердің де келешегі жарқын болар еді.



Камалдин Шермағамбетов, «Ы.Жақаев атындағы қазақ күрші шаруашылығы» ғылыми зерттеу институтының «Агро-технология, мелиорация және топырақтану» бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері:

– Заңдылығы бойынша ауыспалы егістік күршінің көлемі 50 процент немесе одан төмен болу керек. Бұл көрсеткіштен жоғары болса топырақтың құнарлылығы төмендей береді. Қызылорда облысында 8 танапты күрші ауыспалы егістері игерілген. Егін егу заңдылығы бойынша ауыспалы егістің 4 танабына күрші егіліп, қалғанына басқа дақылдар егілуі тиіс. Өкінішке орай, орталық аудандарда ауыспалы егістің 75 процентіне күрші егеді. Бұл топырақтың органикалық қорының азаюына алып келеді. Мысалы, 60-ыншы жылдары күрші жүйесін игере бастаған кезде Сыр топырағында қара шіріндінің үлесі 2,5-3 процентке дейін болған. Қазір 1 процентке де жетпейді. Органикалық қор деген ғасырлар бойы жиналатын нәрсе. Ал күрші жүйесін игерген жылдардан бастап топырақтың құнарлылығы төмендеп алды. Енді қалай қалпына келтіреміз? Оның бір ғана жолы – ауылшаруашылығы дақылдарын эртарпапандыру. Бұл топырақтың құнарлығы үшін де, су тапшылығы мәселесін шешу үшін қажет. Алдағы шаруашылықтар техниканың барлығы күрші егуге, жинауға бейімделгенін алға тартуға. Әрине, бұл түсінуге болатын жағдай. Дегенмен топырақтың құнарлылығын сақтау үшін де эртарпапандыруға бару керек. Әлемде ғасырлар бойы бірыңғай күрші егін келе жатқан елдер бар. Олар органикалық қорды қалай сақтап отыр дегенге келсек, ол елдерде топырақты қоректендіретін арнайы биопрепараттар әзірлейді. Біз де осыған дайындалауымыз. Біздің институтта осы бағыт бар, бірақ әлі зертханалық деңгейде ғана.

Негізгі Жер-Анамен тілдескенде оның бергенін қайтару да керек. Жерді алдауға болмайды. Қазақтың «Жер-Ана жерді берген» деген сөзі бар емес пе?! Жердің органикалық қорын көтермейтінше тиімділігі азая берсе, келешетіне қиын. Экономиканың экологияны бұзбай көтеру керек. Мұның негізгі жолы – ауыспалы егіс заңдылығын сақтау.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

СЫРДАН ҰШҚАН ҚАРЛЫҒАШ

Бесінші сыныпқа көшкеннен кейін бірыңғай кітапқа бас қойып, ауыл кітапханасының сөрелеріндегі сіресіп тұрған барлық кітапты ерінібей оқып тауысқан қыздың алғашқы өлең жетінін сыныпта Ақмаяға қайтып орылған соң, Қызылқайыңға деген сағыныштан тұныпты. Сонда ақын қыз өзінің алысыз да мұңсыз балалық шағы аяқталуға жақындап келе жатқанын жүрегі сезгендей болыпты. «Ақындық киімен бірге қасіретті күндерім де қабаттаса келді ғой», дейді бұл туралы Қатирәна апа. Себебі сол уақытта әкесі айықпас дертке шалдығады. Жүрген жерін базар қып қыздырып жүретін асқар тау әкесі көз алдында ауыр науқастан мүжіліп, шөгіп бара жатқаны қаршадай қызға ауыр соғады. Әкесіне урейленіп қараған сайын жаны ышқынып, жүрегінде мұңды жырлар төгіледі:

– Алдағы күнім не болар,
Әке, сізден айрыласақ?
Жігерім менің құм болар,
Қанатымыздан қайрыласақ.

Тағдырдан түсті ауырлық,
Ең неге сонша тарындық?
Бетіңіз бері қарар деп,
Үміт үзбей сарылдық, – деп көкірегі қарс айырылады. Осы өлеңдерін әкесіне оқып бергенде, ол үнсіз тұндап: «Қарағым-ай, қанаттыға қақтарымай өсіремін, кезінде өзім оқи алмаған оқудың түбіне жеткіземін деуші едім, қайтейін?» деп көзіне жас алып қамығады екен...

Оқушы кезінен-ақ осылайша ауыр қайғымен бетпе-бет келген Қатирәна әкесі ауырғаннан бастап сона-а-у Алматыдағы ақын Әбділла Тәжібаевқа хат жазбағанды. Оның себебі де жоқ емес. Ақынның әкесі қазастың абыз ақыны Ә.Тәжібаевпен бір рудан тараған аталас ағайын екен. Әрі екеуі де түйедей құрдас. Сыздық Жәлеңұлы жас кезінде сол Әбекені еріп барып бірге оқуға түсіпті. Бірақ мұсылмандықты қатты ұстанған әкесі Жәлен сонынан қуып барып, «шоқынды болып кетесің» деп ұлын кері алып қайтыпты... – Әбділла Тәжібаевтан жауап келе ме, жоқ па, онда шаруа болмайды. Жаза берем, жаза берем... Өлеңдерімді қоса жіберемін. Жазандарымды Әбекені ғана емес, қабаттыңда аудандық, облыстық, республикалық басшыларға да боратып жатамын. Өзіміздің аудандық «Оскен өңір» газеті бірден басып шығарса, Алматыда шығатын газет-журналдар ілуде біреуін әрең басады. Соның өзі жеткілікті. Мәз боп қалам, – дейді Қатирәна апа өңгіме арасында.

Кейіннен тау тұлғалы Әбділладан ақын қыздың хаттарына жауап келе бастады. Сол хаттан кейін екі ұрпақ өкілінің сырласуы ұзаққа созылды. Осылайша, Әбділла Тәжібаев әкесіз жетім қалған оған өкіл әке әрі рухани тірегі болды. Қатирәна университетке оқуға түсуге барғанында сол кісінің үйінде жатып, емтихан тапсырды. Емтиханның бәрін үздікке тапсырса да, бір пәннен жолы болмады. Шет тілінен мұрттай ұшты. Онда да өз кіносінен емес, ол оқыған мектепте шет тілін үйрететін мұғалімнің жоқтығынан. Осы кезде талантты қызға Әбділла ақынның өзі қолдау көрсетіп,

университетке түсуіне жәрдемдесті. Абыз ақын Қазақстан Жазушылар одағының сол кездегі төрағасы Әді Шәріповтің атынан Білім министрі Біләловке хат жазғызып, оны министрге өз қолымен алып барып тапсырды. Осы сәттердің бірінде қасынан Қатирәна қызы бір елі тастамай, жетелен жүрді. Кейіннен Әбділла ақынның қара шаңырағында әдебиет майданындағы талай марғасқалармен жолығып, дәмдес, дастарқандас, сырлас болған күндерді ақын апа бүгінде үлкен сағынышпен еске алып отырады.

Ақын қыздың студент кезіндегі өлеңдерінің алғаш баспа бетін көруінің де өзіндік тарихы бар. Бірде балауса өлеңдерін алып бұрын-соңды өзі барып көрмеген сол кездегі ең танымал басшымы «Лениншіл жасқа» келеді. Редакцияның есігін именсе ашып, ішке кірсе, бөлмеде бөлім меңгерушісі Оралхан Бөкеев пен оның орынбасары Сағат Әшімбаев отыр екен. Қатирәнаны өлеңдеріне бірінші қол созған Сағат Әшімбаев көзайнегінің астынан шұқшынып қарап шығат, әсіресе, «Қыз монологы» атты өлеңіне «Міне, өлең деп осыны айт!» деп ерекше сүйсініпті. Осы сәтте Оралхан Сағаттың қолындағы қағазға мойнын созып қарайды да: «Чепуха!» деп бір-ақ кеседі! Бөлім меңгерушісінің айтқаны – заң! Қатирәнаның осы өлеңінен басқа өлеңдерінің бір дерлік аталған газетте жарық көреді. Бірақ басалымнан сызылып қалған сол «Қыз монологы» Сағат Әшімбаев кейіннен бөлім меңгерушісінің еңбек демалысына кеткен сәтін пайдаланып, газетке жариялайды. Сол-ақ екен оқу ордасындағы студенттер талантты жастың өлеңін жаттап алып, бүкіл университетке таралып шыға келеді.

Ал соңғы курста оқып жүргенінде өзінің қолдаушы піріне айналған Әбділла Тәжібаев сол кездегі таралымы өте жоғары және ел ішінде беделі зор басшымы «Лениншіл жас» арқылы Қатирәна ақының сәт сапар тілек, үлкен әдебиетке қолын ашып береді. 1973 жылы Қазақ Ұлттық университетінің филология факультетін бітірген соң, Қазақ радиосына жұмысқа қабылданып, 1993 жылға дейін 20 жыл үзбей еңбек етеді. Осы жылдар аралығында Қатирәна Жәленова қазақ әдебиеті мен мәдениетін өрге сүйрген небір тұлғаларды, ұлтымыздың біртуар перзенттерін іздеп тауып, олардың дауысын Қазақ радиосының «Алтын қорына» жазып, ұнтаспаға түсіруге ерекше тер төкті. «Қазақтың Левитаны» атанған Әнуар Байжанбаев, Сауық Жақанованы аралас-құралас жүріп, өзін журналистика саласында да мойындады білді.

Екі аруананы тел емген ботадай, «Қазақ радиосы» мен Қазақстан Жазушылар одағының арасында еркелей жүрген ақын қыз 1988 жылы күтпеген жерден оқыс оқиғасына ұшырайды. Сол жылдың жазында Алматы облысының Кеген ауданына іссапарға барып, оқырмандарымен кездесуден қайтып келе жатқанда, Есік қаласынан өте бере күтпеген жерден ол мінген көлік жол апатына түседі. Дәрігерлер ес-түссіз жатқан ақынды қасындағы серіктесімен бірге сол мандайдағы Түрген ауруханасына жеткізіпті. Бірнеше күн бойы есін жия алмай, зорға дегенде көзін ашқан ақынның осы ауруханада екі дүние ортасындағы өмір үшін күрескен сұмдық та ауыр күндері басталады.

– Сол күндерді, тіпті, еске алудың өзі қорқынышты! Адам өмірінің қаншалықты қып-қысқа, қас-қағым сәт екендігін мен

бүкіл жан-дүниемем сонда тұңғыш рет сезіндім, – дейді апам ұзақ ойға шомып.

Ауруханада қанша уақыт болғаны есінде жоқ, бір күні Әбділла Тәжібаевтың тапсырмасымен құрбасы Күләш Ахметова келіп, Алматы қаласындағы ауруханаға алып кетеді. Осы ауруханада ұзақ уақыт емделіп, кейіннен Жазушылар одағының Шығармашылық үйінде бірнеше ай тағы ем қабылдайды.

Ақын апа ешкімге оңайға соқпаған тоқсаныншы жылдардың басындағы тоқырау жылдары туған жері – Сыр еліне оралды. Бұл бір құндылықтар адыра қалып, өмір сүру үлгісі мен тірлік нұшшандары түбегейлі өзгеріске ұшыраған өте ауыр кезең еді. Ойламаған жерден келген нарық қысыпана шыдай алмай, ел-жұрт қалдырғандай есенірген қалған, «сұрмұтай тұсымен, балапан басым» болған сол жылдар қаламгерге де жеңіл болған жоқ. Өмірінің 30 жылын өткізген ару Алматыны, ондағы аралас-құралас, қызметтес болған жора-жолдастарын, ең бастысы – әдеби ортаны қиып кету оңайға түспеді. Оның үстіне, ақынға жергілікті ортаға сіңісіп кету алғашында өте қиынға соқты. Жаны құлазып, көңілі ойсырап, жалғызсырап жүрген шақтарында туған жеріндегі текті кісілермен танысып-білісуіне сол кездегі республика көлеміндегі жалғыз ақим қыз Алмагүл Божанова мұрындық болды. Осы Алмагүл құрбасы оның қиналған сәттерінде жанына жалау болып, үнемі қасынан табыла білді.

Қатирәна апа қоғамды нарық теңізіне лақтырған жаңа дәуірде қазақ қыздарының арасынан алғашқылардың бірі болып кәсіпкерлікке бет бұрды. Сөйтіп шығармашылығын сысырып қоюға тура келді. «Жазмыштан оқымыз жоқ» деген осы ғой... Бірақ шабыт шіркін маза берсе не? Біраз жылдан соң бір бұрышта жетімсіреп қалған қаламың қайта қолына алды. Оның тәуелсіздік жылдарындағы жаңа тундылары қазақ поэзиясына жаңаша серіпн әкеліп, өр мінезді ақынның өлеңдерінен аламы асқар болмыс лебі аңқып сала берді. Көп өтпей халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері атанды.

Айтпақшы, айтуға ұмытып барады екенбіз. Қатирәна Жәленованы